

**Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктері филиалдарының), банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 100 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 25 желтоқсанда № 37679 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағы екінші бөлігі екінші абзацының 48) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктері филиалдарының), банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қағидалардың 43-қосымшаның "Есепті күнгі жағдай бойынша банк конгломераты қатысушыларының бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есеп" өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанның 8-тармағының қолданысы 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын, осы тармақ тоқтата тұру кезеңінде мынадай редакцияда қолданыста болады деп белгіленсін:

"8. 9-бағанда облигациялар бойынша облигацияның номиналдық (сатып алу құнының) оны шығару кезінде айқындалған, купондық облигация бойынша пайызбен көрсетілген сыйақы есептелетін ақшалай көрінісі, сондай-ақ облигацияны өтеу кезінде оның ұстаушысына төленетін сома көрсетіледі. Құн көрсеткіші мың теңгемен көрсетіледі (номиналы шетел валютасымен көрсетілген бағалы қағаздар үшін теңгедегі құнның баламасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысында және "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 болып тіркелген) көзделген тәртіппен айқындалған транзакция күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша қайта есептеуде көрсетіледі."

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Т. Сулейменов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкінің Төрағасы  
2025 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 100 қаулысымен бекітілді

**Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент- банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктері филиалдарының), банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктері филиалдарының), банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы туралы ереженің 19-тармағы екінші бөлігі екінші абзацының 48) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 42-бабының 3-тармағына және 54-бабының 1-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) (бұдан әрі – банктер), банк конгломераттарының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі – Ұлттық Банк) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды, кезеңділігін және ұсыну мерзімін қоса алғанда, пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті ұсыну тәртібі айқындалады.

2. Есептілік "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің веб-порталы" ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта ұсынылады.

3. Басшының немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адамның және орындаушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған есептілік электрондық форматта сақталады.

4. Есептіліктегі деректердің толықтығы мен дәйектілігін банктің, банк холдингінің немесе еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банктің басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам қамтамасыз етеді.

5. Банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікке олардың орналасқан елдегі қызметін реттейтін тиісті мемлекеттің уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын банк конгломераты қатысушыларының нормативтік мәндері, пруденциялық нормативтерін есептеу әдістемесі туралы мәліметтер қоса беріледі.

6. Банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілік Ұлттық Банкке банк холдингі мәртебесі жойылғанға дейін не еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банктің қызметі тоқтатылғанға дейін автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйе арқылы электрондық форматта ұсынылады.

Қағидалардың 4-тарауында белгіленген есептілікті ұсыну мерзімдеріне қарай есеп беретін тұлғаның банк холдингі мәртебесі жойылған не еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банктің банк қызметін тоқтатқан жағдайда мәртебесі жойылған күннің

алдындағы соңғы есепті кезеңдегі банк конгломераттарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілік белгіленген мерзімдерде ұсынылады.

## **2-тарау. Екінші деңгейдегі банктердің есептілікті ұсыну тәртібі**

9. Екінші деңгейдегі банктер Ұлттық Банкке:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капиталдың контрциклді буферін есептеу үшін тәуекелдер ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

4) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

5) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген туынды қаржы құралдары бойынша шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

6) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айрықша пайыздық тәуекелді есептеудің (валюталар бөлігінде) талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

7) Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уақыт аралықтары бойынша ашық позицияларды бөлу (валюталар бөлігінде) туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

8) Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жалпы пайыздық тәуекелді есептеудің (валюталар бөлігінде) талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

9) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің (қарыз алушылар бөлігінде) ең жоғары мөлшерінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

10) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша  $k_4$  ағымдағы өтімділік коэффициентінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

11) Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша k4-1, k4-2, k4-3 мерзімді өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

12) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша k4-4, k4-5, k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

13) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аптаның (айдың) әрбір жұмыс күні үшін әрбір шетел валютасы бойынша валюталық позициялар және валюталық нетто-позиция туралы есепті – есепті аптадан кейінгі аптаның бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, апта сайын;

14) Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ішкі активтердің, ішкі және өзге де міндеттемелердің орташа айлық шамасын, қаражат бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициентін есептеу туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

15) Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктердің Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру коэффициентінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

16) Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша секьюритилендіру кезінде меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерін есептеу туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

17) Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ислам банктері білдіретін кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

18) Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ислам банктері білдіретін кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

19) Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауар-материалдық қорлардың нарықтық құнының өзгеруіне байланысты, ислам банктері білдіретін нарықтық тәуекелдің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

20) Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтімділікті өтеу коэффициентінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

21) Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нетто тұрақты қорландыру коэффициентінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын ұсынады.

### **3-тарау. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының (оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктері филиалдарының) есептілікті ұсыну тәртібі**

10. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары Ұлттық Банкке:

1) Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

2) Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

3) Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

4) Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген туынды қаржы құралдары бойынша шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

5) Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының айрықша пайыздық тәуекелді есептеудің (валюталар бөлігінде) талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

6) Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының уақыт аралықтары бойынша ашық позицияларды бөлу (валюталар бөлігінде) туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

7) Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының жалпы пайыздық тәуекелді есептеудің (валюталар бөлігінде) талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

8) Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының бір қарыз алушыға келетін тәуекелдің (қарыз алушылар бөлігінде) ең жоғары мөлшерінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

9) Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының k4 ағымдағы өтімділік коэффициентінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

10) Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының k4-1, k4-2, k4-3 мерзімді өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

11) Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының k4-4, k4-5, k4-6 мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттерінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

12) Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының аптаның (айдың) әрбір жұмыс күні үшін әрбір шетел валютасы бойынша валюталық позициялар және валюталық нетто-позиция туралы есепті:

есепті аптадан кейінгі аптаның бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей, апта сайын;

есепті аптада күнтізбелік ай аяқталған кезде есептілік аяқталатын айға жататын есепті аптаның күнтізбелік күндері үшін және аяқталатын айдан кейінгі айдың есепті аптасының күнтізбелік күндері үшін жеке-жеке аяқталатын айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

13) Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының ішкі активтердің, ішкі және өзге де міндеттемелердің орташа айлық шамасын, қаражат бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициентін есептеу туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

14) Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге капиталдандыру коэффициентінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

15) Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтердің талдамасы туралы есебін – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

16) Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есебін – есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

17) Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының өтімділікті өтеу коэффициентінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын;

18) Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бейрезидент-банктері филиалдарының нетто тұрақты қорландыру коэффициентінің талдамасы туралы есепті – есепті айдан кейінгі айдың оныншы жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын ұсынады.

#### **4-тарау. Банк конгломераттарының есептілікті ұсыну тәртібі**

11. Банк холдингтері немесе еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банктер Ұлттық Банкіне:

1) Қағидаларға 40-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк конгломератының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есепті:

есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 70 (жетпіс) күннен кешіктірмей, тоқсан сайын (төртінші тоқсанды қоспағанда);

есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей, жыл сайын;

2) Қағидаларға 41-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк конгломераты қатысушыларының салымдар тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерінің, шартты және ықтимал талаптары мен міндеттемелерінің талдамасы туралы есепті:

есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, тоқсан сайын (төртінші тоқсанды қоспағанда);

есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей, жыл сайын;

3) Қағидаларға 42-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заңды тұлғалардың жарғылық капиталына, заңды тұлғалардың реттелген борышына салымдар болып табылатын инвестициялар, сондай-ақ банк конгломератының қатысушылары заңды тұлғаларының меншікті капиталына есепті кезеңде жүзеге асырылған, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы өзге де салымдар бойынша мәліметтер жинау жөніндегі есепті:

есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, тоқсан сайын (төртінші тоқсанды қоспағанда);

есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей, жыл сайын;

4) Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті күнгі жағдай бойынша банк конгломераты қатысушыларының бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы есепті:

есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, тоқсан сайын (төртінші тоқсанды қоспағанда);

есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей, жыл сайын;

5) Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк конгломератының есепті кезең ішінде жасасқан, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы топішілік мәмілелері бойынша мәліметтер жинау жөніндегі есепті:

есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, тоқсан сайын (төртінші тоқсанды қоспағанда);

есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей, жыл сайын;

6) Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк конгломераты қатысушыларының үшінші тұлғалар алдындағы, банк конгломератының меншікті капиталының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын, есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы міндеттемелері туралы мәліметтер жинау жөніндегі есепті:

есепті тоқсаннан кейінгі күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, тоқсан сайын (төртінші тоқсанды қоспағанда);

есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан (қоса алғанда) кешіктірмей, жыл сайын ұсынады.

Екінші деңгейдегі банктердің,  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-банктері  
филиалдарының (оның ішінде  
Қазақстан Республикасының  
бейрезидент-ислам банктері  
филиалдарының), банк  
конгломераттарының  
пруденциялық нормативтерді  
орындауы туралы есептілікті  
ұсыну қағидаларына 1-қосымша  
Әкімшілік деректерді жинауға  
арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-BVU\_Prud\_norm

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: екінші деңгейдегі банк

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың жетінші жұмыс күнінен кешіктірмей, ай сайын

қорытынды айналымдар ескерілген желтоқсан айының есебі (оның ішінде қорытынды айналымдар болмаған кезде) аяқталған қаржы жылынан кейінгі жылғы отыз бірінші қаңтардан кешіктірмей

БСН: \_\_\_\_\_

Жинау әдісі: электрондық түрде  
(мың теңгемен)

| №    | Атауы                                                                                                                                                                      | Сомасы |
|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|
| 1    | 2                                                                                                                                                                          | 3      |
| 1    | Меншікті капиталдың ең аз мөлшері                                                                                                                                          |        |
| 2    | Меншікті капитал                                                                                                                                                           |        |
| 3    | Бірінші деңгейдегі капитал                                                                                                                                                 |        |
| 4    | Мынадай сома ретіндегі негізгі капитал                                                                                                                                     |        |
| 5    | Төленген жай акциялар                                                                                                                                                      |        |
| 6    | Төленген қосымша капитал                                                                                                                                                   |        |
| 7    | Өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы                                                                                                                                    |        |
| 8    | Ағымдағы жылдың бөлінбеген таза пайдасы                                                                                                                                    |        |
| 9    | Жинақталған ашып көрсетілген резерв                                                                                                                                        |        |
| 10   | Қайта бағалау резервтері                                                                                                                                                   |        |
| 10.1 | Негізгі құрал-жабдықтарды және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың құнын қайта бағалау резервтерін қайта бағалау резервтері |        |
| 10.2 | Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын қарыздардың құнын қайта бағалау резервтері                                                                 |        |
| 11   | Мыналарды шегергендегі негізгі капитал:                                                                                                                                    |        |
| 11.1 | сатып алынған меншікті жай акциялар                                                                                                                                        |        |
| 11.2 | гудвилді қосқанда, материалдық емес активтер                                                                                                                               |        |
| 11.3 | өткен жылдардың шығыны                                                                                                                                                     |        |
| 11.4 | ағымдағы жылдың шығыны                                                                                                                                                     |        |
|      | кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің (гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерге қатысты танылған, кейінге қалдырылған салық                                |        |

|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |  |
|-------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| 11.5  | міндеттемелерін қоспағанда) сомасына тепе-тең негізде төмендетілген, кейінге қалдырылған салық активі ( шегерілетін уақыт айырмашылықтарына қатысты танылған, кейінге қалдырылған салық активтерінің бөлігін қоспағанда)                                                                                                                                                                                                      |  |
| 11.6  | басқа да қайта бағалау бойынша резервтер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |  |
| 11.7  | активтерді секьюритилендіру бойынша транзакцияларға байланысты сатудан түскен кіріс                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |
| 11.8  | осындай міндеттеме бойынша кредиттік тәуекелдің өзгеруіне байланысты қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгеруінен болған кіріс немесе шығын                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |
| 11.9  | қосымша капиталдан шегерілуге жататын, бірақ оның деңгейінің жеткіліксіз болуына байланысты негізгі капиталдан шегерілетін реттеуіш түзетулер                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |
| 11.10 | егер банктің инвестициялары ( банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызынан азы бар қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына банктің инвестициялары) 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8 және 11.9-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілуге жататын асу сомасы |  |
| 11.11 | егер банктің инвестициялары ( банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызы және одан көбі бар қаржы ұйымының жай акцияларына банктің инвестициялары) 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8, 11.9 және 11.10-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он)                                                                |  |

|       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |
|-------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|       | пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілуге жататын асу сомасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |
| 11.12 | егер шегерілетін уақыт айырмашылықтарына қатысты танылған, кейінге қалдырылған салық активтерінің кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің (гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерге қатысты танылған, кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін қоспағанда) сомасына тепе-тең негізде төмендетілген бөлігі 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8, 11.9 және 11.10-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілуге жататын асу сомасы                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |
| 11.13 | егер банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызы және одан көбі бар қаржы ұйымының жай акцияларына инвестициялары және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің (гудвилді қоса алғанда, материалдық емес активтерге қатысты танылған кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін қоспағанда) сомасына тепе-тең негізде төмендетілген кейінге қалдырылған салық активінің бір бөлігі жиынтығында 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8 және 11.9-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталы айырмасының және негізгі капиталдан шегерілетін, 11.10, 11.11 және 11.12-жолдарда көрсетілген, негізгі капиталдан шегерілетін, 11.10, 11.11 және 11.12-жолдарда көрсетілген сомаларға төмендетілген соманың 17,65 (он жеті бүтін жүзден алпыс бес) |  |

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |  |
|------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|      | пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілуге жататын асу сомасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |
| 12   | Мына сома ретіндегі қосымша капитал:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |
| 12.1 | банк капиталының құрамындағы құралдарды жіктеуге арналған өлшемшарттарға сәйкес келетін, нәтижесінде бір мезгілде бір тұлғада қаржы активі және қаржылық міндеттеме немесе басқа тұлғаның барлық өзінің міндеттемелерін шегергеннен кейін қалған заңды тұлға активтерінің үлесіне құқығын растайтын өзге де қаржы құралы туындайтын мерзімсіз шарттар                                                             |  |
| 12.2 | белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келетін, төленген артықшылықты акциялар                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |  |
| 13   | Мыналарды шегергендегі қосымша капитал:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |
| 13.1 | банктің меншікті мерзімсіз қаржы құралдарына тікелей не жанама тәсілмен инвестициялары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |
| 13.2 | банктің сатып алынған меншікті артықшылықты акциялары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |  |
| 13.3 | егер банктің инвестициялары (банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызынан азы бар қаржы ұйымының қаржы құралдарына инвестициялары) 11.1, 11.2, 11.3, 11.4, 11.5, 11.6, 11.7, 11.8 және 11.9-жолдарда көрсетілген реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын болса, негізгі капиталдан шегерілуге жататын асу сомасы |  |
| 13.4 | банктің қосымша капиталдан шегерілетін, шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызы және одан көбі бар қаржы ұйымының мерзімсіз қаржы құралдарына инвестициялары                                                                                                                                                                                                                |  |
|      | екінші деңгейдегі капиталдан шегерілетін, бірақ оның                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |  |

|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |
|------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| 13.5 | деңгейінің жетпеуіне байланысты қосымша капиталдан шегерілетін реттеуіш түзетулер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |
| 14   | Екінші деңгейдегі капитал                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |
| 15   | Реттелген борыш                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |
| 16   | Мыналарды шегергендегі екінші деңгейдегі капитал:                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |
| 16.1 | банктің сатып алынған меншікті реттелген борышы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |
| 16.2 | банк инвестицияларының (инвестициялары (банктің шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызынан азы бар қаржы ұйымдарының қаржы құралдарына жиынтығында реттеуіш түзетулер қолданылғаннан кейін банктің негізгі капиталының 10 (он) пайызынан асатын инвестициялары) инвестициялардың жалпы сомасындағы реттелген борыштағы инвестициялардың үлесіне көбейтілген сомасы |  |
| 16.3 | банктің заңды тұлғаның шығарылған акциялардың (жарғылық капиталда қатысу үлестерінің) 10 (он) пайызы және одан көп пайызы бар қаржы ұйымдарының реттелген борышына екінші деңгейдегі капиталдан шегерілетін инвестициялары                                                                                                                                                                               |  |
| 17   | k1 меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |
| 18   | k1-2 бірінші деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің коэффициенті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |  |
| 19   | k2 меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |  |
| 20   | Банктің дивиденд төлеуді тоқтату және акцияларды кері сатып алу бөлігінде шектеу қойылатын бөлінбеген таза кірісі                                                                                                                                                                                                                                                                                        |  |
| 21   | Қаражаттың кастодиандық шарттың талаптарымен қабылданған, инвестицияланбаған қалдығы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |
|      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |  |

|    |                                                                                                                                                                                             |  |
|----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| 22 | Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген активтер жиынтығы                                                                                                                            |  |
| 23 | Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелер жиынтығы                                                                                                   |  |
| 24 | Кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген туынды қаржы құралдарының жиыны                                                                                                              |  |
| 25 | Айрықша пайыздық тәуекел                                                                                                                                                                    |  |
| 26 | Жалпы пайыздық тәуекел                                                                                                                                                                      |  |
| 27 | Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиыны                                                                                                                          |  |
| 28 | Айрықша тәуекел                                                                                                                                                                             |  |
| 29 | Жалпы тәуекел                                                                                                                                                                               |  |
| 30 | Базалық активі акциялар немесе акциялардың индексі болып табылатын акциялардың нарықтық құнының және туынды қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиыны |  |
| 31 | Шетел валюталарының айырбастау бағамының (бағалы металдардың нарықтық құнының) өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиыны                                                                  |  |
| 32 | Акциялардың нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекел жиыны (сату мақсатында иеленген исламдық бағалы қағаздарды қоса алғанда)                                                 |  |
| 33 | Тауар-материалдық қорлар бойынша нарықтық құнының өзгеруіне байланысты тәуекел жиыны                                                                                                        |  |
| 34 | Нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзын және қысқа позициялар сомасы                                                                       |  |
| 35 | Нарықтық құнының өзгеруіне байланысты нарықтық тәуекелі бар қаржы құралдары бойынша ұзын және қысқа позициялар сомасының айырмасы                                                           |  |
| 36 | Ашық валюталық позициялар сомасы                                                                                                                                                            |  |

|    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |  |
|----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| 37 | Нарықтық тәуекел ескеріле отырып есептелген активтер және шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер                                                                                                                                                                                                                       |  |
| 38 | Жалпы жылдық кірістің орташа шамасы                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |
| 39 | Операциялық тәуекел                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |  |
